



**«Қалалық оқушылар сарайы» МКҚК
мемлекеттік білім беру ұйымы педагогінің
бос және (немесе) уақытша бос лауазымына
орналасуға конкурс жариялайды.**

**ГККП «Городской дворец школьников»
объявляет конкурс на занятие вакантной и
(или) временно вакантной должности
педагога государственной организации
образования**



"Қалалық оқушылар Сарайы" МКҚК мемлекеттік білім беру ұйымы педагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

- вокал бойынша қ.б.б.п. - 1 ставка (санаты жоқ жоғары білім-124 587 теңге; санаты жоқ арнаулы орта білім – 117 508 теңге)

- сольфеджио және музыка теориясы бойынша қ.б.б.п. - 1 ставка (санаты жоқ жоғары білім-124 587 теңге; санаты жоқ арнаулы орта білім – 117 508 теңге)

- аккомпаниатор - 2 ставка (санаты жоқ жоғары білім-124 587 теңге; санаты жоқ арнаулы орта білім – 117 508 теңге)

- "Дәстүрлі ән" үйірмесінің қ.б.б.п. - 1 ставка - (санаты жоқ жоғары білім - 124 587 теңге; санаты жоқ арнаулы орта білім – 117 508 теңге)

- Домбыра класінің қ.б.б.п. - 1 ставка - (санаты жоқ жоғары білім - 124 587 теңге; санаты жоқ арнаулы орта білім – 117 508 теңге)

Лауазымдық міндеттері:

1. Қосымша білім беру педагогы

Лауазымдық міндеттері: қосымша білім беру саласында білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Үйірменің, секцияның, студияның, клубтық және басқа да балалар бірлестігінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімі ішінде сақтау жөнінде шаралар қабылдайды. Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын, балаларға қосымша білім беруді әзірлеуге және іске асыруға қатысады, бағдарламалар мен сабақ жоспарларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген құжаттаманы жүргізеді.

Психофизиологиялық мақсатқа негізделген жұмыс формаларын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтайды, адамгершілік-рухани тұлғаны дамытуға, білім алушылардың тұрақты кәсіби мүдделерін қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дербес қызметін, оның ішінде зерттеу қызметін ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізеді, оқытудың практикамен байланысын жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, дағдыларды игеруді, шығармашылық қызмет тәжірибесін, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды. Тұрақты кәсіби қызығушылықтар мен бейімділіктерді қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдайды. Балалардың бұқаралық білім беру іс-шараларына (конкурстар, көрмелер, слеттер, жарыстар, конференциялар, олимпиадалар және басқалар) қатысуын ұйымдастырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалысын ұйымдастыруға қатысады. Сабақтарды өткізу кезінде еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты болады. Ата-аналарға және оларды алмастыратын адамдарға, сондай-ақ

педагог қызметкерлерге консультациялық көмек көрсетеді. Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарына қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады.

2. Сүйемелдеуші

Лауазымдық міндеттері: репетициялар мен концерттерде вокалистер мен аспапшыларды сүйемелдейді, спорттық, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, жүзу, аэробика, пішіндеу, бал және спорттық билерде, білім беру ұйымдарындағы түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларда спорттық жарыстарда музыкалық сүйемелдеудің кәсіби орындалуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың жеке деректерін ескере отырып, қозғалыстардың жекелеген элементтеріне музыканы тандайды, музыкалық шығармаларды транспозициялайды, оқушыларға ансамбльдік ойын дағдыларын сіңіреді.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар қағаз түрінде ұсынылады, Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бұйрығы. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 Наурызда № 35900 болып тіркелді.

Құжаттар Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 50 (индексі 030019) мекенжайы бойынша қабылданады. Анықтама телефоны: 8(7132) 56-47-85, 8 (7132) 56-00-28

Осы бұйрықтың 113-тармағына сәйкес "Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жібереді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген-Бар болса);

4) лауазымға қойылатын үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша

денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);

7) психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды динамикалық байқаудың жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық науқастарды динамикалық байқаудың жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе Celta (Certificate in English Language Teaching to Adults) сертификаты. Cambridge) pass a; Delta (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (интернетке негізделген тест (IWT)) - 60-65 балл;

11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқудан ұсыным хат».